

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТЕМИРТАС-1» ЖШС «Қосбұлақ-II» кен орнында құрылыс тасты (құмайтты тас) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсері туралы есеп бойынша ашық мәжіліс түрінде 2024 жылдың 7 маусым сағат 15.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе а., Қосбұлақ 1-шағын ауданы, Қосбұлақ ауылдық клубында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер ету аумағы: «Қосбұлақ-II» кен орны Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Шетпе жақын елді мекенінен оңтүстік–шығысқа қарай 4 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары:

1. 44° 07' 59"CE52° 12' 57"ШБ
2. 44° 07' 51"CE52° 13' 23"ШБ
3. 44° 07' 49,7"CE52° 13' 33"ШБ
4. 44° 07' 29"CE52° 14' 21"ШБ
5. 44° 07' 20"CE52° 14' 12"ШБ
6. 44° 07' 36"CE52° 13' 41"ШБ
7. 44° 07' 32"CE52° 13' 36"ШБ
8. 44° 07' 57"CE52° 12' 54"ШБ

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84038821849?pwd=ZirZ7GxxOf0BSsqYH0KroYDDr2GvUk.1>

Конференция идентификаторы: 840 3882 1849. **Кіру коды:** d1avef

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Темиртас-1» ЖШС, БСН: 050340006107, тел.: 8 (72934) 75-305, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, оңтүстік–шығыс өнеркәсіп аймағы.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, Ақтау қ., 17-шағын аудан, №7 үй, 308-пәтер, әл.пошта: tokshayev@mail.ru, телефон: 8 778 462 66 60.

Жоба материалдары www.ecoportal.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392-799?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шара туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін tokshayev@mail.ru электронды поштасына және мына телефонға хабарласыңыз: 8 778 462 66 60.

Ескертулер мен ұсыныстар www.ecoportal.kz сайтында қабылданады.

«ТЕМИРТАС-1» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Маңғыстау ауданында «Қосбұлақ-II» кен орнында құрылыс тасты (құмайтты тас) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына қоршаған ортаға әсерді қорғау бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: «Қосбұлақ-II» кен орны Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда жақын орналасқан және Шетпе елді мекенінен оңтүстік–шығысқа қарай 4 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары

1. 44° 07' 59" CE52° 12' 57" ШБ
2. 44° 07' 51" CE52° 13' 23" ШБ
3. 44° 07' 49,7" CE52° 13' 33" ШБ
4. 44° 07' 29" CE52° 14' 21" ШБ
5. 44° 07' 20" CE52° 14' 12" ШБ
6. 44° 07' 36" CE52° 13' 41" ШБ
7. 44° 07' 32" CE52° 13' 36" ШБ
8. 44° 07' 57" CE52° 12' 54" ШБ

Қоғамдық тыңдау: 07.06.2024 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 16.00-де, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе а., Қосбұлақ 1-шағын ауданы, Қосбұлақ ауылдық клубында өтеді. (конференция уақыты 1 сағат)

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (<https://zoom.us>) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу: <https://us05web.zoom.us/j/84917659936?pwd=7mwAN1lfQd14YPXBND311LbUxsgeKh.1>

Конференция идентификаторы: 849 1765 9936

Кіру коды: g15y1v

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> сайтта танысуға болады.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық tokshayev@mail.ru пошта арқылы алуға болады және телефон: 8 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған тыңдаулар» айдарында қабылданады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның атауы: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы. Мекен-жайы: 14-ш/а, 1-ғимарат. Тел.: 8/7292/43-10-88, әл. пошта: g.tulembet@mangystau.gov.kz

Тапсырыс беруші: «Темиртас-1» ЖШС, БСН: 050340006107, тел.: 8 (72934) 75-305, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, оңтүстік–шығыс өнеркәсіп аймағы.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, БСН: 200840002650, тел: 8 778 462 6660

Заңды мекен-жайы: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, №7 үй, 308-пәтер, пошта индексі 130000. Телефон: 8 778 462 6660.

Мемлекеттік Лицензия 01733Р 19.02.2015 ж. қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«HADIS CO.» ЖШС «2024 жылғы 13 мамырдан бастап полиэтилен пленкасын өндіретін кәсіпорын үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша бес жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық <https://ecoportal.kz> порталда танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ecoportal.kz> сайтта 2024 жылғы 13 мамырдан бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «Hadis Co.», БСН: 221140036745, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, өнеркәсіптік аймақ-5, №1006 ғимарат, жалға берілетін үй-жайдың географиялық координаттары: 43.667602 51.290422; e-mail: info.hadisco@gmail.com, тел.: 8 700 480 91 02.

Жобалық экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «НЕО сфера» ЖҚ, ЖСН: 770320400699, Алматы қаласы, Навои көшесі, 316, 47, тел.: 8 777 275 10 49.

«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ жергілікті атқарушы органы.



ОТБАСЫ БАНК «НАУРЫЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДЫ БЕС КҮН БҰРЫН БАСТАУҒА ДАЙЫН



Қазақстанда «Наурыз» атты жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласындағы Ұлттық құрылтайда хабарлады.

Бағдарлама операторы Отбасы банк («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) болады. Қаржы құрылымы жаңа тұрғын үй бағдарламасын іске қосуға дайын. Мамыр айында қазақстандықтардың демалыс күндері көп болатындықтан, банкте өтінімдерді қабылдауды бес күн бұрын бастау туралы шешім қабылданды.

Өтінімдерді Баспана маркет порталында (otbasysbank.kz) 25 сәуірден бастап жолдауға болады. Өтінімдерді қабылдау мерзімі екі ай, 30 маусымға дейін (қоса алғанда) жалғасады.

«Наурыз» бағдарламасының шарттары:

- алғашқы жарна – 20%-дан бастап;
- тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін кредит бойынша мөлшерлеме – 7% (ЖТСМ 7,3%-дан 8,9% дейін);
- азаматтардың барлық санаттары үшін кредит бойынша мөлшерлеме – 9% (ЖТСМ 9,3%-дан 11,8% дейін);
- несие мерзімі – 19 жылға дейін.

«Наурыз» бағдарламасына барлық қазақстандықтар қатыса алады, оның ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтағы өкілдері, жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемдерін алушылар, Отбасы банк салымшылары, моноқалалардың, аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердің тұрғындары.

Бағдарламаға қатысу туралы өтінім беру үшін келесі қадамдарды орындау қажет:

1. Отбасы банкіндегі депозит ашу (жоқ болған жағдайда). Маңыздысы, салым мерзімі ескерілмейді;
2. Отбасы банкіндегі жинақ шотында кемі 1 млн. теңге қаражаттың болуы. Бұл соманы бағдарламаға қатысуға өтініш берер алдында аударуға болады;
3. Соңғы 5 жыл ішінде бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің меншігінде тұрғын үйдің болмауын тексеру. Отбасы мүшелеріне: күйеуі, әйелі және олардың көмекетке толмаған балалары жатады. Егер қатысушы некеде болмаса, онда тұрғын үйдің бар-жоқтығы тек өзінен тексеріледі. Бағдарламаға қатысушылардың ата-аналарынан тұрғын үйдің бар-жоғын тексермейді.
4. Соңғы 6 айда ресми табыстың болуы.

Кірістерге еңбек қызметінен түскен жалақы, кәсіпкерліктен түскен пайда, ақылы қызмет көрсету шарты бойынша түскен табыс, стипендия және тұрғын үй төлемдері кіреді. Егер бағдарламаға қатысушының табысы жеткіліксіз болса, онда ол кепілгер болатын екі қарыз алушыны (туысқандық қатынастың болуы міндетті емес) тарта алады.

«Наурыз» бағдарламасын іске асыру үшін қаражат қаржы нарығынан тартылады. Банк жыл сайын, 8 жыл бойы жалпы сомасы 1,7 трлн. теңгеге облигациялық заемдар шығаратын болады. Бірінші жылы 300 млрд. теңгеге, кейінгі жылдары 200 млрд. теңгеден шығару жоспарлануда. Бағдарламаға қажетті қаражатты екінші деңгейлі банктер, сақтандыру компаниялары және басқа да әлеуетті инвесторлардан құралуы ықтимал, кең ауқымы инвесторлардың арасында тарту жоспарлануда. Бұл жеке қаржы секторының қаражаттың Қазақстан азаматтарын, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты мемлекет үшін маңызды әлеуметтік міндетті шешуге бағыттауға мүмкіндік береді. Тартылған қаражат нарықтық жағдай бойынша қарызға алынатындықтан, мемлекет банк шығарған облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялайды деп болжануда. Бұл өз кезегінде бағдарламаға қатысушыларды қолдап, оларға жеңілдетілген шарттармен, яғни 7% (ЖТСМ 7,3% бастап 8,9% дейін) – 9% (ЖТСМ 9,3% бастап 11,8% дейін) мөлшерлемемен заем беруге мүмкіндік береді.

Бағдарлама 8 жылға арналған. Осы уақыт аралығында еліміздің 68 000 азаматын жеке тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. Быылғы жылдың өзінде 12 мың қазақстандық баспаналы болады деп жоспарлануда.

«Наурыз» бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алу бойынша келесі шарттар ұсынылады:

- алғашқы нарықтағы тұрғын үй, оның ішінде ҚТК кепілдігімен үлестік қатысу шарты және сақтандыру құралы бойынша;
- моноқалалар мен ауылдық елді мекендерде екінші нарықтағы тұрғын үй, жылына бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 30%-нан аспайтын көлемде.

Заемның ең жоғарғы мөлшері:

- Алматы мен Астана қалалары үшін 36 млн. теңгеге дейін.
- қалған өңірлер үшін 30 млн. теңгеге дейін.

Сондай-ақ бір несиені аясында баспананы жөндеу жұмыстарына да ақша алуға да болады. Бастысы жөндеуге арналған қарыз сомасы тұрғын үй сатып алуға арналған кредиттің жалпы сомасының 20%-нан аспауға тиіс.

Бағдарламаға қатысушы пәтерді Баспана маркет порталынан таңдап, брондап, сатып ала алады (otbasysbank.kz). Бұл қызмет жаңа тұрғын үй бағдарламасының басталуы аясында тұрғын үй бағасының жасанды өсуіне жол бермеуге арналған.

Өрбір нысан аталмыш платформаға орналастырылмастан бұрын, тұрғын үйдің ағымдағы нарықтық бағасы негізінде құнын бекіту процесінен өтетін болады. Егер ол нарыққа сәйкес келсе, онда құрылыс салушымен шаршы метр бағасын белгілей отырып, тұрғын үйді сату туралы келісім жасалады.

«*«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – еліміздегі тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыратын бірден-бір банк. Ұйым Еуропалық құрылыс жинақ қассалары федерациясына (ЕҚЖҚФ) және халықаралық тұрғын үй қаржыландыру одағына кіреді. 2022 жылы банк Ұлттық ESG клубының негізін қалаушылардың бірі болды. Банкінің жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.*

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА «МАГИСТРАЛЬДЫҚ СУ АҒЫЗҒЫСЫ» ЖШС ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополия субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды 2024 жылғы 1 шілдеден бастап 2029 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңге «Магистральдық су ағызғысы» ЖШС реттеліп көрсетілетін магистральдық құбыр жолдар арқылы су беру қызметіне тариф пен тарифтік смета жобасын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Жария тыңдаулар 2024 жылғы 2 мамыр күні сағат 15.00-де Ақтау қаласы, 8-шағын аудан, 38 «Б» ғимарат, селекторлық залында өтеді.

Сондай-ақ жария тыңдаулар департаменттің ресми парақшасында (<https://www.facebook.com/profile.php?id=100049879130065>) Facebook әлеуметтік желісі арқылы қатар өтеді.

Жария тыңдауларға онлайн қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтеме бойынша өту керек немесе Facebook қосымшасында іздеуде «Атырау-табиғи монополияларды реттеу департаменті» атауын енгізу қажет.

Өр қатысуға ниеті бар адам онлайн режимінде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады:

8 (7122) 21-10-39.

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАШІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢГЕ, РАХАТ, КЕНДІРЛІ ЕЛДІ МЕКЕН-ДЕРІНЕ ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАҒАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ТҰРАҚТЫ ТА-СЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Жаңаөзен қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ 2024 жылдың мамыр айының 1-жұлдызынан бастап Жаңаөзен қалашілік және Теңге, Рахат, Кендірлі елді мекендеріне жолаушылар мен багажды автомобильмен қалашілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурстың өтетіндігі туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

№1 лот №1 «Мамыр ш/а, Жаманқара Иса көшесі – Бөкен базары»

№2 лот №2 «Теңге ауылы – Бөкен базары»

№3 лот №5 маршрут «Кендірлі ауылы (бұрынғы Рахат ауылы) Жұлдыз ш/а 27 көше – Бөкен базары»

№4 лот №6 маршрут «Сак базары – Бөкен базары»

№5 лот №10 маршрут «Рауан ш/а – Бөкен базары»

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Жаңаөзен қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Жаңаөзен қаласы Жалын ш/а, №25 «Б» ғимараты, №309 бөлме мекен-жайына ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2024 жылдың мамыр айының 24-жұлдызы.

6. 2024 жылдың мамыр айының 3-жұлдызы күні конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтама телефондары:

8 /72934/ 47-8-40, факс: 8 /72934/ 46-8-43.

«БАТЫС-ПЛАТИНА ЛОМБАРД» ЖШС кепілге қойылып қайтарылмаған мүліктің сауда-саттығын хабарлайды. Сауда-саттық 2024 жылдың 29 мамыр күні, сағат 10.00-14.00-де, 26-22-103 кеңседе ағылшын әдісі бойынша өтеді.

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАШІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢГЕ, РАХАТ, КЕНДІРЛІ ЕЛДІ МЕКЕН-ДЕРІНЕ ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАҒАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ТҰРАҚТЫ ТА-СЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Д.Културеев атына 30.11.2024 жылы берілген №4/12998 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстау жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 3 желтоқсанындағы №8/82 «Маңғыстау облысы бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілетін ауыз судың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы Маңғыстау облыстық мәслихаты 2024 жылдың 5 сәуірі №10/106 санды **ШЕШІМІ ҚАБЫЛДАНДЫ**.

Аталған шешім негізінде Мұнайлы ауданына қарасты барлық ауылдарда тұратын тұрғындар үшін, «Маңғыстау жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2024 жылдың 1 мамырынан бастап ауыз судың лимитпен берілетін көлеміне, яғни 1 текше метр үшін ауыз су тарифі есептегіш құрал бар тұрғындар үшін – 120 теңге қосымша құн салығымен төленетін, лимиттен тыс тұтынылған ауыз суға ҚР ҰЭМ «Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ 05.04.2024 ж. №29-НҚ бұйрығымен бекітіліп қолданысқа 2024 жылдың 1 мамырынан енгізілетін ауыз судың 1 текше метрі – 484,59 теңге қосымша құн салығымен бекіткен «Маңғыстау жылу» МКК тарифімен есеп жүргізілетіндігін тұрғындар назарына жеткізеді.

- Ауыз суды есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін лимит көлемінде ауыз су тұтынылған жағдайда субсидияланатын 1 м³ ауыз су тарифі – 120 теңге;
- Ауыз суды есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін лимит көлемінде ауыз су тұтынылған жағдайда субсидияланатын 1 м³ ауыз су тарифі – 150 теңге;
- Ауыз суды лимиттен артық көлемде тұтынылған жағдайда ауыз су тарифі «Маңғыстау жылу» МКК-ның тұтынушыларға бекіткен 1 м³ ауыз су тарифі 484,59 теңге көлемінде төлемақы жүргізіледі.

«Маңғыстау жылу» МКК әкімшілігі.